МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы

3 - апта ( 11-15сәуір 2022 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Махмут М.М

**Өтпелі тақырып**: «Біз еңбеккор баламыз »

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 11. 04** | **Сейсенбі 12.04** | **Сәрсенбі 13.04** | **Бейсенбі 14.04** | **Жұма 15.04** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 15 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары** | **ә.с № 17 Картотека<br>Сөйлемді жалғастыр** | **т.с № 11 Каротека<br>«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»** | **қ.с № 7 картотека.<br>Ойын: «Сиқырлы айна»** | **ш.с № 15 Картотека** | **ә.с № 11 Картотека<br>Кім жылдам?** |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Й дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Й дыбысымен және әрпімен танысады.<br>Й дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқыза алады .Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыра алады.Сөздерді буындап оқи біледі.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**:«Кел танысайық»<br>**Шарты:** Йй дыбысымен танысу,әріптік белгілеуін көрсету,таяқшалармен әріпті құрастыру,жаңа дыбысқа байланысты жаттығулар,үш төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Құрылымдалған ойын** «Й й дыбысы әлеміне саяхат»<br>**Шарты:**Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:**<br>Геометриялық пішіндер және денелер.<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндердің атауларымен: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш; денелердің атауларымен: текше, шар, цилиндр таныстыра алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>**«Тиін мен түлкіге көмектес»**<br>**Шарты**:<br>Түлкіге бөлмедегі геометриялық денелер мен пішіндерді табуға | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Й дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Й дыбысымен және әрпімен танысады.<br>Й дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқыза алады .Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыра алады.Сөздерді буындап оқи біледі.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**:«Кел танысайық»<br>**Шарты:** Йй дыбысымен танысу,әріптік белгілеуін көрсету,таяқшалармен әріпті құрастыру,жаңа дыбысқа байланысты жаттығулар,үш төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Құрылымдалған ойын** «Й й дыбысы әлеміне саяхат»<br>**Шарты:**Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Еркін ойын**<br>«Сөздерге дыбыстық талдау»<br>**Шарты:** йод,ай, тай сөздеріне дыбыстық талдау жасау.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Киіз үй.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Өлеңді мәнерлеп оқып, | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** Көп ұлтты Қазақстан.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Еліміздің көп ұлтты республика және жергілікті ұлт-қазақ халқы екенін және Қазақстан олардың Отаны екенін саналарына жеткізе алады. Әр ұлттың ерекшелігі өздерінің салт-дәстүрлері бар екенін және Қазақстан олардың Отаны екенін саналарына жеткізе алады. Ұлтаралық татулыққа достыққа сыйластыққа баулиды.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын:**<br>«Отанымыздың табиғаты қандай»<br>**Шарты:**Отанымыздың табиғатын,салт дәстүрін, мәдениетін, тұрмыс тіршілігі туралы әңгімелеу.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Еліміздің жергілікті халықтары кімдер?» | 1.Өзін-өзі тану.<br>**Тақырыбы:** Табиғаттан үйренейік.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балалар табиғатты аялайды, қадірлейді және табиғат пен адамның тығыз байланыстылығын айта алады.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Табиғатқа құштармын»<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бірге айтады.<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың, мейірімді жеріміз,<br>Армысың табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Тыңда:**<br>**Табиғат**-адамдарды қоршаған әлем. Бұл-аспан, ай, жұлдыздар, өзен, көл-теңіздер, ағаштар, шөптер, жануарлар әлемі. Жел, жауын-шашын, боран, су тасқыны, қар еруі-бұның бәрі табиғаттың құбылыстары. Таулар, тастар, ағаштар, шөптер-табиғаттың денелері.<br>**Табиғат**-бүкіл қоршаған әлем, ал |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасайды;<br>**Еркін ойын**<br>«Сөздерге дыбыстық талдау»<br>**Шарты:** йод,ай, тай сөздеріне дыбыстық талдау жасау.<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** Суда тіршілік ететін жануарлар.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Суда тіршілік ететін жануарлармен таныстыра алады. Олардың пайдасы туралы түсінік береді. Суда мекендейтіндерді ажырата алуға білімдерін кеңейтеді. Бұл зиянсыз тіршілік иесінің қаншалықты пайдалы және табиғатқа қажет екенін түсіндіре алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын** «Сегізаяқ».<br>**Шарты:** Сиқырлы экран арқылы теңіздің терең түбінде тіршілік ететін сегізаяқ туралы,оның ерекше құрлысы туралы әңгімелесу, мультфильм көрсету.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Су асты патшалығы»<br>**Шарты:**Жапсыруда сюжетті композиция құрастыра отырып су асты патшалығының тіршілік иелерін қиып жапсырып сюжетті композиция құрастырады.<br>**Еркін ойын:**«Сегізаяқ»<br>**Шарты**: Қолдарымен сегізаяқтың жүрісін салып ойнау.<br><br>**3.Денешынықтыру** | көмектесулерін сұрайды.Топтағы заттардан ұқсас геометриялық денелерді табады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Осы пішіндегі затты тап»<br>**Шарты:**Қоршаған ортадан танысгеометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата біледі.<br>**Еркін ойын:**<br>«Күрделі тапсырмалар»<br>**Шарты:**Логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Мен ғарышкер боламын!<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Ғарышкерлер туралы мәлімет бере алады. Есте сақтауларын дамытып, елін, жерін сүюге баулиды.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Менің арманым»<br>**Шарты**: Сурет бойынша бала нені армандап тұр деп ойлайсың? Ашық сұрақ әдісі бойынша балалардың жауаптарын тыңда.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Ғарыш»<br>**Шарты:** | мазмұнын ашау. Киіз үйдің көрінісін сурет бойынша сипаттап әңгімелейді. Өлең жолдарын жаттайды. Ұлттық құндылықтарды бағалай біледі.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:** Киіз үй туралы әңгімелеу. Құрылыстарымен танысады.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Атамның ауылында»<br>**Шарты:**Табиғат аясында киіз үй бейнесін құрастырады. Құрылысын ажыратады.<br>**Еркінойын**<br>«Суреттерді сәйкестендір»<br>**Шарты:** Киіз бөліктерін қосады.<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тема:** Из чего мы едим.<br>**Цель:** Активизировать словарь по теме, учить четко и последовательно высказывать свои мысли, правильно строить предложения из 3 слов; закреплять умение образовывать существительны множественного числа, правильно ставить ударение при произношении слов, развивать внимание, память; воспитывать бережное отношение к предметам посуды.<br>**Приглашает в круг радости.**<br>Станем рядышком, по кругу,<br>Скажем «**Здравствуйте!**» друг другу.<br>Нам здороваться ни лень:<br>Всем «**Привет**!» и «**Добрый день**!»;<br>Если каждый улыбнется –<br>Утро доброе начнется. варивать звуки русского языка.<br>**И/Р/У «Будь внимательным».** Дети встают в круг. Педагог бросает мяч,называет слова на родном языке по теме прошлого занятия. Дети слушают педагога, ловят мяч, называют слова на русском языке. ышақ – нож, шанышқы – вилка, кесу – резать, тамақтану – кушать. Показывает картинки с изображением | **Шарты:**Қазақстан Мемлекетінде басқа қандай ұлт өкілдері тұратыны туралы айту.<br>**Еркін ойын:**<br>«Астана-бас қала»<br>**Шарты:**Ватманға алақандарын бояуға малып.гүлдердің суретін салып,Қазақстаным гүлдене берсін деген тілек айтады.<br>**2.Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Жаттығу жеңіс кепілі.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жүру мен жүгіруді алмастырып, эстефеталық жарыс ұйымдастыра біледі.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>«Тыңда, орында»<br>**Шарты:** Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді. Балалар сол қимылды ретімен қайталайды.<br>**2.Негізгі кезең:**<br>Бір-бірден тізбекке тұрады. Бір тізбекте сап құрып жүру. Қолдарын еркін ұстап, ырғақпен қимылдау.<br>**«Себетке доп лақтыру»**<br>**Шарты:** Допты бір орнында тұрып, екі қолымен себетке лақтырады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қсталып қалма!»<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады.<br>Педагогтың белгісімен | **адам**-өмірдегі ең керемет жаратылыс.<br>**.**Табиғатты қорғай біл!<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:** Суретке қараңдар. Өзіңе табиғаттың қандай көріністері ұнайды? Неліктен.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Сүйейік, табиғатты, аялайық!<br>Біз де онан жақсылықты аямайық!<br>Анадай табиғаттың аясында<br>Жадырап жас балаша дем алайық!<br>-Табиғат аясында жиі боласыңдар ма?<br>-Табиғаттан қандай әсер алдыңдар?<br>**Еркін ойын:** «Табиғатым тамаша!»<br>**Шарты:** Сурет салу.<br>**Бағдаршам көздері.**<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Тұсау кесу.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыканың сезімдік мазмұнын сипаттайды. Әнді табиғи дауыспен орындайды. Музыка ырғағына би қимылын үйлесімді орындауға талпынады. Қазақтың ұлттық рәсімдері туралы түсінік алады.<br>**Музыка тыңдау: «Ақ сиса»** (Жаяу Мұса).<br>Ата әнді орындап болып, балаларға Мұсаның неліктен Жаяу Мұса атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.<br>**Ән үйрену: «Қаз, қаз балам».**<br>Әнді орындап беремін. Ата мен әжеге қосылып үйренулерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** Спорт түрлері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды меңгереді, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтеді.<br>**.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**2.Негізгі кезең.**<br>Бір тізбекпен жүру; шашырап жүру; секіру; бір орнында тұрып секіру, айналу. Оң аяқ және сол аяқты алмастырып секіру. Әртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1-5 инут).<br>Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**Қимылды ойын:** «Кім шапшаң?»<br>**Шарты:** Айналдырып тұрған арқаннан тез жүгіріп өту.<br>**«Басмармақ»** әдісі.<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Торсық.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақтың ұлттық бұйымы-торсықпен танысады. Торсықты ермексаздан мүсіндеу әдіс- | Жапсыруда түрлі түсті қағаздан планета жұлдыздарының бөлшектерін қиып сюжетті композиция құрастырып жапсырады.<br>**Еркін ойын:**«Ұшақ»<br>**Шарты:**Аспан әлеміне саяхатқа ұшады.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Ұлу.<br>(акварель бояуы).<br>ҰОҚ мақсаты:<br>Балаларды сурет салуда жеңіл қозғалыстар мен қалыптарды бейнелеу арқылы мәнерлі бере білуге үйренеді, ұлудың суретін салудағы ептілік пен дағдыларын дамыта алады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Суретші нені бейнелеген?»<br>**Шарты:**Сурет арқылы ұлудың қалай пайда болатынын түсіндіру.<br>**Қ. ойын:** «Артық затты тап»<br>**шарты:** Суреттен артық заттарды табады.<br>**Еркін ойын:** «Ұлу»<br>**Шарты**: Ұлудың суретін салады. | предметов посуды.<br>Это нож. Ножом режут хлеб.<br>Это вилка. Вилкой кушают.<br>Дети слушают, повторяют хором, индивидуально. **Д/И «Разрезная картинка»**<br>Оборудование: разрезные картинки посуды: чашка, ложка, тарелка, вилка.<br>Дети собирают картинки, называют, что получилось.<br>**Р/У «Один – много»**<br>Педагог показывает образец. Дети по образцу называют слова по множественном числе: чашка – чашки, ложка – ложки, тарелка – …, вилка –<br>…, нож – … .<br>**Физминутка «Мишка» Д/И «Чего не стало?»**<br>Педагог выставляет на стол три -четыре предмета посуды. Затем просит детей закрыть глаза и в это время прячет один из предметов.<br>Дети называют, какого предмета не стало.<br>**абота в азбуке-тетради**<br>**Задание №1**<br>– Назови, что изображено на картинке. Как можно назвать эти предметы одним словом?<br>**Задание №2**<br>– Рассмотри картинки. Составь предложения. Ответь на вопрос: что делают?<br>Дети рассматривают картинки. Составляют предложения: Ножом режут хлеб. Вилкой едят салат. Ложкой кушают суп.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Тұсау кесу.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыканың сезімдік мазмұнын сипаттайды. Әнді табиғи дауыспен орындайды. Музыка ырғағына би қимылын үйлесімді орындауға | балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, содан соң шеңберден сыртқа секіреді. Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. ұсталған ойыншы ойыннан шығады.<br>**«Үш шапалық»**<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Көлшікте.<br>**ҰОҚмақсаты:** Балалар қағазды бүгу, бүктеу, қаттау әдістерін қолдануға үйрене алады.<br>**П.ж ойын:** «Суретпен жұмыс»<br>**Шарты:** көлшік туралы түсінеді.<br>**Қ. ойын**<br>**«Суретті сәйкестендір»**<br>**Шарты:**Суреттерді сәйкестендіре отырып бақаның дыбысын, қимылдарын сала біледі.<br>Еркін ойын: «Көлшік маңы» шарты: көлшік, бақа жапсырады.<br><br>**4.В/К Ойламыз, ойнамыз**<br>**Тақырыбы:**<br>**Кім жылдам?**<br>**Мақсаты:** Оқушылардың қосу және азайту таңбаларын ажытара білуін қалыптастыру**.**<br>**П.ж.ойын:** «Ауыл шаруашылық өнімі»<br>**Шарты:**Сурет арқылы ауыл шаруашылық өнімдерінің түрлері,оларды өндіретін адамдардың еңбектері | сұраймын.<br>– Әнде не туралы айтылған?<br>– ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?<br>Әннің бірінші шумағын қайырмасымен бірге үйретемін.<br>Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып береміз.<br>**Ойын: «Тұсау кесу».**<br>Ата өзімен бірге тұсау кесу заттарымен таныстырады. Қазақтың ұлттық дәстүрі – тұсау кесу рәсімін ккрсетеді.<br>**«Күн мен Түн»** ойынын ұсынамын.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Ғарышқа саяхат**.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйренеді. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастырады, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыланады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: Гимнастикалық сатымен өрмелеу**<br>**Шарты:** Саты тақтайшаларын дұрыс ұстауға, қауіпсіздік техникасына көңіл бөлінеді<br>**Құрылымдалған ойын**<br>**«Жұптасып тепе-теңдік сақтау»**<br>**шарты:** іш бұлшық еттерін тартып, алға көз тастау, аяқты тік жазып аяқтың ең ұшына тұруға тырысу<br>**Еркін йын: «Өткел» ойыны**<br>**Шарты:** Балалар еденге тақтай немесе басқа бір затты қойып оныңі үстіне тұрады, бір адым жерге екінші затты қойып соған аттайды. Осыдан кейін артындағы бірінші затты алып, қозғалыс бағытымен алдына бір аттам жерге қояды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәсілдерін үйренеді, торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру, торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекйлеу жолдарын түсінеді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**“Мен айтамын, сен көрсет”<br>**Шарты:**Ыдыстың атын атағанда балалар іс-қимылмен көрсетеді.<br>**Құрылымдалған ойын:**«Торсық»<br>**Шарты:**Ермексазбен жағу әдісі арқылы торсықтың пішінін жасайды,үлгі бойынша тапсырманы орындайды<br>**Еркін ойын:** “Қонақтарға тағам әзірлеу”<br>**Шарты:**Жасаған торсықтарынан көрме ұйымдастырып,дастархан әзірлеп қонақ күтіп ойнайды. | 4.**В/К Ұлттық ойындар. «Орамал тастау»**<br>**Мақсаты:** Балаларда шапшандық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру.<br>**П.ж.ойын:** Слайд арқылы ұшақ түрлерімен таныстыру<br>**«Көлеңкесін тап»**<br>**Шарты:**Балалар ұшақтардың көлеңкесін тауып орналастырады.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Ұшақ»<br>**Шарты:**Ұшақтың суретін қарындашпен және дәстүрден тыс тәсілдер арқылы салып, өз жұмысының нәтижесін бағалайды. | талпынады. Қазақтың ұлттық рәсімдері туралы түсінік алады.<br>**Музыка тыңдау: «Ақ сиса»** (Жаяу Мұса). Ата әнді орындап болып, балаларға Мұсаның неліктен Жаяу Мұса атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.<br>**Ән үйрену: «Қаз, қаз балам».**<br>Әнді орындап беремін. Ата мен әжеге қосылып үйренулерін сұраймын.<br>– Әнде не туралы айтылған?<br>– ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?<br>Әннің бірінші шумағын қайырмасымен бірге үйретемін.<br>Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып береміз.<br>**Ойын: «Тұсау кесу».**<br>Ата өзімен бірге тұсау кесу заттарымен таныстырады. Қазақтың ұлттық дәстүрі – тұсау кесу рәсімін ккрсетеді.<br>**«Күн мен Түн»** ойынын ұсынамын. | жайлы оның ішінде бидай өсірунақты түсінік беру.<br>**Құрылымдалған ойын:. «Көктемгі еңбек»**<br>**Шарты;** Бидай өсіру туралы білімдерін жетілдіре отырып суретке қарап отырып нанның дастарханға келу жолын әңгімелеп береді.<br>**Еркін ойын: «**Не жинап жүр»<br>**Мақсаты;** Әртүрлі іс әрекеттегі адамдардың әрқайсысының өздерінің мамандықтары бар екенін айтып түсіндіру. | **4.В/К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы: 0 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:** 0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу.<br>.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ойын кезіндегі және күнделікті өмірдегі масса туралы білімдерін жинақтайды.Заттың белгісі ретіндегі масса туралы түсініктерін арнайы ұйымдастырылған жұмыс барысында ұйымдастырады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын «Тапсырманы орында»**<br>**Шарты:** : аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтырады.<br>**Құрылымдалған ойын: «Сан құрастыр»**<br>**Шарты:** Суретті карточкалар арқылы тапсырмалар орындайды.<br>**Еркін ойын: «Үйдің есігін жабайық»**<br>**Шарты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратады. |
| **Серуен, бақылау** | **Серуен № 1**<br>**Күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. | **Серуен № 2**<br>**Қардың еруін бақылау**<br>**Мақсаты:**табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету. | **Серуен № 3**<br>**Ұшып келген құстарды бақылау**<br>**Мақсаты**: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Мойыл бұтасын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>— Бұталар туралы білімдерін молайту;<br>— Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; | **Серуен № 5**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>**Мақсаты**: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. |
| **Баланың даму картасы** | алуан түрлі заттарды жалпылайды және сипаттау | қозғалыс ойындарында ойын ережелерін сақтау | ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алу | жазық және көлемді геометриялық пішіндерді білу және атау | таныс материалдармен дербес эксперимент жасай алу |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Сандарды тура және кері санату.Ертегіні айтқызу. | Буынға бөліп оқыту,дыбыстық талдау жасау. | ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластықты білдірте алуды үйрету. | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |